

Келісемін
«Балбебек» шағын
орталығының менгерушісі
Касенова А.Ж.



Бекітемін
Атамекен ауылдының
жапы орта білім беретін
мектебінің директоры
Зикирин Ж. Е.

2022-2023 оку жылына арналған
«Балбек» шағын орталығының
«Ақбота» тобының
перспективалық жоспары

Орындаған: Хұмарбек Р.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру үйімі (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) _»Балбөбек» ш/о «Ақбота» тобы

Топ: аралас

Балалардың жасы: 3 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: қыргүйек айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыргүйек	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none">– қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларына қызығушылықтарын қалыптастыру;– мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру;– саламатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;– денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік, төзімділік, икемділік, шапшаңдық, үйлесімділікті дамыту;– жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмеледің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыру;– бірлескен қимылды ойындарға, өзара қарым-қатынастың жағымды ережелеріне баулу. <p>1) жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шенбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, тәбешікке шығып және тәбешіктен түсіп саппен жүру;</p> <p>Спорттық жаттығулар:</p> <p>1) велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>2) жүзуге дайындық. Суға түсу, судан шығу, суда ойнау дағдыларын</p>

		қалыптастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.
Сөйлеуді дамыту		<p>Дағдыларды қалыптастыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-к, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу; <p>Сөздік қор:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту; 2) заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауды үйрету. <p>Тілдің грамматикалық құрылымы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру. <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу; 2) шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау.
Көркем әдебиет		1) ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға.
Қазақ тілі		<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, сондай-ақ осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды үйрету. Артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Сөздік қор:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) туыстық атауларды білдіретін сөздерді (әке, ана, ата, әже, апа және тағы басқа) дұрыс айту және мағынасын түсіну дағдыларын қалыптастыру. <p>Тілдің грамматикалық құрылымы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сөздерді және әртүрлі сөз таптаратынан құралған тіркестерді түсінуді үйрету (зат есімдер мен сын есімдер, зат есімдер мен етістіктер); 2) қарапайым сөйлемдерді құруды үйрену; 3) қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету (Бұл кім? Бұл не?).
Математика негіздері		Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жок" ұғымдары туралы түсініктерін

	<p>қалыптастыру.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсетеу.</p> <p>Шама.</p> <p>Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) геометриялық пішіндерді тану және атап.</p> <p>Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене мүшелерінің орналасуын білуді үйрету.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан он жаққа қарай орналастыру.</p> <p>Уақытты бағдарлау.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>тәулік бөліктерін тану және атап - таңертен, күндіз, кеш, түн.</p>
Қоршаган ортамен таныстыру	<p>Тірі және өлі табигат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Күн райының жағдайын анықтау, табигат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табигат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу.</p>
Құрастыру	<p>1) әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыштар құрастыру; 2) бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденен орналастыру тәсілдерін пайдалану;</p>
Сурет салу	<p>Түрлі бағытта тұра сызықтарды, олардың қылышысын жүргізе білуді қалыптастыру:</p> <p>1) көгөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн);</p>

	Мұсіндеу	1) сазбалыштың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалышық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мұсіндеу дағдыларын қалыптастыру;
	Жапсыру	1) дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауды үйрету; 2) бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау;
	Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; 2) түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; <p>Ән айту.</p> <p>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Музыкалық-ыргактық қозғалыстар.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) бірінің артынан бірі жүргу барысында би ыргагын, музиканың би сипатын игеру; 2) әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру үйимы (балабакша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) – «Балбебек» ш/о «Ақбота» тобы

Топ: аралас

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: казан айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Казан	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none"> – қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттыгуларына қызығушылықтарын қалыптастыру; – мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру; – саламатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру; – денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік, төзімділік, икемділік, шапшаңдық, үйлесімділікті дамыту; – жұру, жүгіру, секіру, лактыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмеледін негізгі қимыл түрлеріндегі қаралайым дағдыларды орындауды қалыптастыру; – бірлескен қимылды ойындарға, өзара қарым-қатынастың жағымды ережелеріне баулу. <p>2) жүгіру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозгалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шенбер бойлап, тоқтай қағып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, алаңынан бір жағынан екінші жағына жүгіру және тағы басқа;</p> <p>3) секіру. Екі аяқтан басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктікте зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауга секіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Спорттық жаттыгулар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру; 2) жүзуге дайындық. Суға тұсу, судан шығу, суда ойнау дағдыларын қалыптастыру. <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</p> <p>Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттыгуларын жүргізу.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Дағдыларды қалыптастыру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 2) дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту; <p>Сөздік қор:</p> <ol style="list-style-type: none"> 2) заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету;

	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы:</p> <p>2) заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауга үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>3) ересектердің сөзін тыңдау және түсіну;</p> <p>4) сөйлеу әдебінің сәйкес түрлерін дұрыс қолдану;</p>
Көркем әдебиет	<p>2) кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясын қабылдауды;</p>
Қазақ тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқияттыңдауды, сондай-ақ, осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сактауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету;</p> <p>Артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Сөздік қор:</p> <p>1) күнделікті өмірде жиі қолданылатын жеміс атауларын білдіретін сөздерді дұрыс айтуды және мағынасын түсіну дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылышы:</p> <p>1) сөздерді және өзара байланыста тұрган сөз таптарын білдіретін сөздерді (зат есімдер мен сын есімдер, зат есімдер мен етістіктер) түсінуді үйрету;</p> <p>2) жай сөйлемдер құрастыруды үйрету.</p> <p>3) қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету (Бұл кім? Бұл не?).</p>
Математика негіздері	<p>Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жок" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>2) бөлмедегі заттарды ажырату және олардың санын анықтау.</p> <p>Шама.</p> <p>Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.</p> <p>Геометриялық пішіндер. Балаларды геометриялық пішіндерді тануды және атауды</p>

	<p>үйрету: шенбер, шаршы, ұшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуді үйрету.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) геометриялық пішіндерді тану және атап. <p>Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене мүшелерінің орналасу бағдарын білуге үйрету.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру. <p>Уақытты бағдарлау.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>тәулік бөліктегі тану және атап - танертең, күндіз, кеш, түн.</p>
Қоршаган ортамен таныстыру	<p>Осімдіктер әлемі.</p> <p>Тұған өлкениң кейбір осімдіктері, көгөністері мен жемістері туралы қаралайым түсініктерін қалыптастыру; бөлме осімдіктерінің түрлері (шегіргүл, қазтамақ, бегония және тағы басқа), олардың ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру.</p>
Құрастыру	<ol style="list-style-type: none"> 2) бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану; 3) ірі және ұсақ құрылым материалдарынан құрастыру;
Сурет салу	<ol style="list-style-type: none"> 2) бірнеше көлденең және тік сзызықтардан заттар салуды (дуал); салынған пішіндерді бояуды, дәстүрден тыс сурет салу (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі-түсті борлармен) дағдыларын қалыптастыру.
Мұсіндеу	<ol style="list-style-type: none"> 1) сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. <p>Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дәңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мұсіндеу дағдыларын қалыптастыру;</p>
Жапсыру	<ol style="list-style-type: none"> 2) бейнеленген заттарға сәйкес түстерді тандау;

		3) желімдеудің техникасы;
Музыка		<p>Музыка тындау.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>3) пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл күй танытады;</p> <p>4) балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>3) әуен сипатына үн қату, оның беліктерінің өзгеруін байқау;</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу бағдарламасы негізінде

2022 - 2023 оқу жылына арналған үйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру үйимы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) _ «Балбебек» ш/о «Ақбота» тобы

Топ: аралас

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың күрылу кезеңі: қараша айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Караша	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none"> - дene жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту; - негізгі қимыл түрлері: жүгіру дағдыларын жетілдіру; - мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; - қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру,

- дene жаттығуларына қызығушылықта баулу;
- денсаулықты ныгайтуға ықпал ететін дene сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;
- құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауга, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу;
- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңың бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тұра, шенбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.

Жалпы дамытушы жаттығулар.

Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:

- қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);
- заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;
- қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау;
- қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.

Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішү құралдарын орнымен қолдануға баулу.

Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.

Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтүге болатыны туралы

	<p>түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).</p> <p>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауга, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салуатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</p> <p>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.</p> <p>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүргүре үйрету. Құн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.</p> <p>Серуенде қимылды ойындар мен дene жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.</p> <p>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.</p> <p>Кұн тәртібіне сәйкес балалардың қунделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.</p>
Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу; - дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байту; - шешендейдікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелейу;

	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Дауысты (а, ә, е, о, ү) дыбыстарды анық айтуда, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Сөздік қор</p> <p>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттыгулары арқылы кенейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (күз мезгілі, аяу райы, күз өнімдері, көлік түрлері, андар, ертегі кейіпкерлері) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Суреттерді, заттарды қарастыруды, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тындағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуда үйрету.</p>
Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелу; <p>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталу, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуда мүмкіндік беру.</p> <p>Кітаптарға қызығушылықты ояту.</p> <p>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айтуда, балалардың пікірлерін тындау.</p>
Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none"> - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; - әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу; - дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттыгуларды қолдану арқылы

	<p>сөздік қорды байту.</p> <p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сейлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сейлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.</p> <p>Сойлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сейлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрnekілікпен немесе көрnekіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ә" дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуда баулу.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Ауызекі сейлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табигат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Жуан сөздерді ажырату, оларды көпші түрде қолдануға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сойлеу.</p> <p>Ауызекі сейлеудің қарапайым түрлерін менгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сейлеу үлгілерін есте сактап, әңгімелесе білуге баулу.</p>
Математика негіздері	<ul style="list-style-type: none"> - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету; - заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жағаны тануға, өзіне сенімділікке баулу; - командада жұмыс істей білуге дағдыландыру; - көрnekі-қимылдық ойлауды және шығармашылық киялдауды дамыту. <p>Сан.</p>

	<p>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.</p> <p>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тен және тен емес заттар тобын салыстыру, «Тен бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.</p>
Коршаған ортамен таныстыру	<ul style="list-style-type: none"> - балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үрету; - отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуга тәрбиелеу; - еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсете ниеттерін қолдау; - тірі және өлі табигат туралы білімдерін байыту; - табигатта қауіпсіздікті сақтау (санырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу); - құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынга тықпау); - табигатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу. <p>Бала, оның отбасы, үйі.</p> <p>«Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үрету, өз іс-әрекеттерін он бағалау және өзін-өзі бағалаудын, ойнанда туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.</p> <p>Заттық әлем.</p> <p>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.</p>

	<p>Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен және ауда ұшатын қозгалыс құралдарымен таныстыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Таныс мамандық иелеріне құрметпен қаруа, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтүшіге, аула сыйырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қаруаға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табигат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау құнтізбесінде жылдың қызықы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.</p>
Құрастыру	<ul style="list-style-type: none"> - балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалышықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауга мүмкіндік беру; - өнер туындыларына, қоршаган шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу; - бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, үқыптылыққа баулу. <p>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.</p>
Сурет салу	<ul style="list-style-type: none"> - қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. <p>Көлденең және тік сыйықтарды салу, олардың қылышысын жүргізе білу, әртүрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар),</p>

		дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденен және тік сзықтардан тұратын заттарды бейнелеу.
Мұсіндеу		<ul style="list-style-type: none"> - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. Сазбалышықтан, ермексаздан мұсіндеуге қызығушылықта баулу. Сазбалышық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мұсіндеуге үйрету.
Жапсыру		<ul style="list-style-type: none"> - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.
Музыка		<ul style="list-style-type: none"> - музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; <p>Музыканы эмоционалды көңіл-куймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.</p> <p>Музыка тыңдау.</p> <p>Музыкалық шығарманы соына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше болімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын</p>

	<p>жеткізу (көнілді, созып, ойнақы айтуда).</p> <p>Музыкалық-ырғактық қозғалыстар.</p> <p>Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғакты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүргуге үйрету.</p> <p>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қымылдарды орындау, қымылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.</p>
--	---

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған үйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру үйимы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) »Балбебек» ш/о «Ақбота» тобы

Топ: аралас

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none"> - дene жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту; - негізгі қымыл түрлері: домалату, лақтыру, қағып алу дағдыларын жетілдіру; - мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; - қымылдарды белсенді орындауды дамыту және қымылдарды үйлестіру, - дene жаттығуларына қызығушылыққа баулу; - денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дene сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту; - құрдастарымен қымылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу; - спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. <p>Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), төмennен екі қолмен көлденең нысанага, оң және</p>

сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанана (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір- біріне, заттардың арасымен, қақпага домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.

Жалпы дамытушы жаттығулар.

Кеудеге арналған жаттығулар:

- допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға-онға) бұрылу;
- солға, онға бұрылу (отырган қалыпта);

Спорттық жаттығулар.

Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау. Жүзу және гидроаэробика элементтері. Суға тұсу, жүгіру, ойнау, суда билеу. Жүзуді үйрету (тиісті жағдайлар болған кезде).

Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.

Тамақтанар алдында қолды жуу, таңгертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.

Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылышын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауга, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішү күралдарын орнымен қолдануға баулу.

Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.

Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауга, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары.

Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи

	<p>факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.</p> <p>Балаларды үй-жайда женіл киіммен жүргүре үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауда болу ұзактығын қамтамасыз ету.</p> <p>Серуенде кимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.</p> <p>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.</p> <p>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауда болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.</p>
Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу; - дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту; - шешендейдікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу; <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айтуда, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.</p> <p>Сөздік қор</p> <p>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кенейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (қыс</p>

	<p>мезгілі, ауа райы, жаңа жыл, мереке, мерекелік құралдар) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.</p>
Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> - шешендейдікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу; <p>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.</p>
Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none"> - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу; - дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту. <p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасаудына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әнгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалаудың білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ыр扎ашылығын білдіруде сыйпады сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атаяуға баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p>

	<p>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуда баулу.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаган орта заттары мен табигат нысандарының атауларын өздігінен колдануды қалыптастыру.</p> <p>Тілдің ғрамматикалық құрылымы.</p> <p>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтуда беруге баулу.</p>
Математика негіздері	<ul style="list-style-type: none"> - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - бақылау арқылы қоршаган орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуда үйрету; - заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жағаны тануға, өзіне сенімділікке баулу; - командада жұмыс істей білуге дағылданыру; - көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. <p>Шама.</p> <p>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру.</p> <p>Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кен-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.</p>
Қоршаган ортамен таныстыру	<ul style="list-style-type: none"> - балаларды қоршаган ортадағы заттардың атауларымен және олардың

	<p>міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету;</p> <ul style="list-style-type: none"> - отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу; - еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; - тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту; - табиғатта қауіпсіздікті сақтау (санырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу); - құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау); - табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу.
Құрастыру	<ul style="list-style-type: none"> - балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) тандауға мүмкіндік беру; - өнер туындыларына, қоршаган шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу; - бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбеккорлыққа, үқыптылыққа баулу. <p>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылым бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, ұшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алғынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.</p>
Сурет салу	<ul style="list-style-type: none"> - қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. <p>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды</p>

		үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуга ақырын батыруды, алынған артық бояуды құттының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлышпен сұртіп кептіруді үйрету.
Мұсіндеу		<ul style="list-style-type: none"> - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мұсіндеу (ыдыстар, ойыншиқтар).
Жапсыру		<ul style="list-style-type: none"> - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуге майлышты қолдану.
Музыка		<p>- музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;</p> <p>Музыканы эмоционалды көңіл-куймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.</p> <p>Музыка тыңдау.</p> <p>Музыкалық ойыншиқтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипаттын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).</p>

	<p>Музыкалық-ыргақтық қозғалыстар. Би қымылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ыргақтық қымылдар орындау.</p>
--	---

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оку жылына арналған үйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру үйимы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) _»Балбөбек» ш/о «Ақбота» тобы

Топ: аралас

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 2022-2023 оку жылы.

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none"> - дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту; - негізгі қымыл түрлері: еңбектеу, өрмелуе дағдыларын жетілдіру; - мәдени-игиеналық дағдыларды қалыптастыру; - қымылдарды белсенді орындауды дамыту және қымылдарды үйлестіру, - дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу; - денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шашшандықты дамыту; - құрдастарымен қымылды ойындарды бірге ойнауга, өзара он қарым-қатынас жасауға баулу; - спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. <p>Еңбектеу, өрмелуе. 4-6 метр қашықтыққа тұра бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқаның, доданың астымен (білктігі 40 сантиметр), көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен өрмелуе, гимнастикалық қабырғаға өрмелуе және одан тұсу (білктігі 1,5 метр).</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <ul style="list-style-type: none"> - допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- онға) бұрылу; - солға, онға бұрылу (отырған қалыпта); - аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);

	<p>Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанau. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанau. Жүзу және гидроаэробика элементтері. Суға тұсу, жүгіру, ойнау, суда билеу. Жүзуді үйрету (тиисті жағдайлар болған кезде).</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қаралайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дәғдилары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмытысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішү құралдарын орнымен қолдануға баулу.</p> <p>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сұт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Шынықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда женіл киіммен жүргүре үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу үзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қымылды ойындар мен дene жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.</p>
Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу; - дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту; - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету;

